

1969 жылы 13 тамызда Семей облысына (қазіргі Шығыс Қазақстан) қарайтын «Жалаңашкөл» заставасында КСРО мен Қытай шекарашылары арасында қарулы қақтығыс болғаны белгілі.

Қазақ жерінің шығысында, Жоңғар қақпасы аумағындағы оқиға көп жыл құпия болып келді. Сол жылдардың куәгері болған жандар не дейді? Оқиға қалай басталып еді?

# ҰМЫТ БОЛҒАН ҰРЫС

## Жалаңашкөл оқиғасы айтылды ма?

### ДАУДЫҢ БАСЫ...

Жалаңашкөл оқиғасына тоқталмас бұрын дәл сол жылы 2-15 наурыз аралығында КСРО-ның Қиыр Шығысындағы, Уссури өзенінің бойындағы Даман аралындағы (қытайша Чжэнь-бао, мағынасы – құт мекен, бұл арал 1991 жылы ресми түрде Қытайға берілді) Қытай мен КСРО әскерілері арасындағы жан алып, жан беріскен айқасты айтпаса болмайды. Деректерде шайқас кезінде КСРО тарапынан 94 адамның жараланып, 58 жауынгердің қаза тапқаны, қарсы тараптан 300-ге жуық әскердің (бір мәліметтерде 800) ажал құшқаны, жалпы, бұл Ресей мен Қытайдың қазіргі заманғы тарихындағы ең ауқымды қарулы қақтығыс болғаны жазылады.

Енді Дамандағы жағдайдан кейін арада небәрі 5 ай өткенде шекарада қайта тұтанған Жалаңашкөл оқиғасына (қытайлар мұны Теректі оқиғасы деп атайды) оралайық. Ғаламтордағы ашық ақпарат көздерінде (орыс және қазақ тілдеріндегі) екі ел шекарашылары арасындағы жанжал 13 тамызда болғанымен, Қытай шекарашылары 12 тамызда «Жалаңашкөл» мен «Родникова» әскери заставаларына жақын аймаққа топтастырылып, сол күні түнгі сағат 3-4-тер шамасында КСРО-ның шекарасын кесіп өтіп, сол маңға оқоп қаза бастағаны айтылады. Ал 13 тамызда таңғы сағат 7-лер кезінде 9 және 6 адамнан, яғни екі топтан тұратын Қытай шекарашылары «Жалаңашкөл» заставасы тұсынан КСРО шекарасын бұзып, 400 метрдей жерге ішкерілей өнеді. Бұл уақытта шекара сызығында қытайдың 100-ге жуық солдатты сап түзеп тұрады. Осы кезде сол жақтағы «Теректі» постының тұсынан тағы да 12 қытай солдатты шекараны кесіп өтіп, «Тасты» шоқысын бетке алады. Кеңес шекарашылары әуелі қарсы тарапқа өз аумақтарына оралу жөнінде ескерту айтқанымен, олар мұны елемей, жауап ретінде автоматтан оқ жаудырады. Осылайша, сағат 7.50-де қиянкескі ұрыс басталып, сағат 9-ға дейін жалғасып (кейбір деректерде күні бойы шайқас жүрген делінеді), подполковник Никитенко, кіші лейтенант Пучков, Говор, Тербенков, Ольшевский жетекшілік жасаған шекарашылар «Тасты», «Оң қақпа», «Сол қақпа» шоқыларына бекініп алған қытай жауынгерлерін 3 БТР-дің көмегімен ығыстырып шығарады. КСРО жағынан 10 адам жараланып, екі жауынгер (В.Рязанов пен М.Дулепов) қаза табады. Қытай тарабынан 19 адам опат болып, үшеуі тұтқынға түсіп, оның екеуі Үшарал қаласына апара жатқанда алған жарақаттан көз жұмады. Айқас алаңынан 4 ТТ тапаншасы, 9 СКС карабині, 4 РПД пулеметі, 4 танкіге қарсы граната, 27 қол гранатасы, 6 снаряд, радиостанса, 2 кинокамера мен 1 фотоаппарат табылады. Ал Қытай тарабы бұл оқиғаларда КСРО-ны кінәлі деп санғаны белгілі. Бұған сәл кейінірек тоқталамыз.

Тарихтан мәлім, XX ғасырдың 60-70

жылдарында КСРО мен Қытай мемлекеттерінің арасындағы қарым-қатынас әбден ушығып, екі алып империяның көсемдері Никита Хрущев пен Мао Цзедун жаға жыртисардай жағдайға жеткен еді. Тарихшылар екі тату елдің аяқастынан алатындай бүлініп, бір-бірін көрместей жауласуына Хрущевтің билікке келе салып, Сталиннің жеке басқа табынуын сынға алуы негізгі себептердің бірі болғанын айтады. Осы жайт Мао Цзедунның көңілін нілдей бұзып, 1960 жылдардан бастап «ана жер біздікі, мына жер біздікі» деп территориялық талаптарын КСРО-ға ашық түрде қойғаны белгілі. Даман мен Жалаңашкөлдегі қарулы қақтығыстың да басты себебі жер дауы екені айтпаса да түсінікті шығар.

### ҰШАҚ ҰСТАҒАН ҚАЗАҚ

Бір қызығы, екі оқиға да бір жылы болғанымен, екеуі де КСРО-ның айқын жеңісімен аяқталғанымен, зерттелуі, баға берілуі басқаша. Даман оқиғасы жан-жақты зерттелген, қаншама мақала, қаншама кітап жазылған, фильмдер де түсірілген. Ал Жалаңашкөл оқиғасы туралы фильмді былай қойғанда, арнайы жазылған кітаптар да жоқтың қасы. Бұған осы тақырыпта мақала жазу барысында көз жеткіздік. Дегенмен жергілікті тарихшылар мен Қытайдың қазақ аудандарында туып-өсіп, кейін Атажұртқа оралған зиялы қауым өкілдерімен пікірлескенде қазақ даласы сол уақытта үлкен бір қауіп-қатерден аман қалғанын аңғарғандай болды.

1963 жылы Қытайдың Шыңжаң өлкесіне қарасты Текес ауданында дүниеге келген, 1993 жылы елге оралған қытайтанушы ғалым, аудармашы Дүкен Мәсімхан бұл тақырып Қазақстандағыдай Қытайда да жабық тақырып болғанын айтады. «Қытайда көзімізді ашып көргеннен естіген әңгімеміз: «Кеңес Одағы басып кіруі мүмкін. Шекаралас аудандарға қауіп төнуде». Мао өлгенге дейін Қытайдың шекаралық аудандарында осындай үгіт-насихат жүргізілді. Оның «Астықты мол жинап, оқпаты терең қазыңдар. Соғысқа дайындалайық» деген ұраны болды. Сөйтіп, ауыл-ауылдың бәрі бір-біріне қатынап, жаудан қашып құтылу үшін үйлерінің астынан оқоп қазғаны бар. Маоның астықты жеп қояды деп торғайларды, астықты ұрлайды деп тышқандарды өлтіретіні осы кез. Біз балалар, қарапайым халық шынымен де, Кеңес Одағы басып кіре ме деп қорықтық. Мұнда келсек (Қазақстанға), шындық мүлде басқаша. Керісінше, Қытай әр-әр жерден Кеңес Одағының шекарасына басқыншылық жасаған екен» дейді Дүкен Мәсімхан.

1962 жылы Қытайдың Шыңжаң аймағының Алтай ауданында туған, 1993 жылы Қазақстанға көшіп келген ғалым, тарих ғылымдарының докторы Тұрсынхан Зекенұлы Жалаңашкөл оқиғасына байланысты Қытайда бір генералдың

қызметтен алынғанын естігенін жеткізді. «Оны Қытай әскерлерінің қаза табуына байланысты жұмыстан алып тастады деп естідік. Шекарадағы шиеленіс 1979 жылға дейін жалғасты ғой. Қазақстан мен Қытай шекарасына қалың әскер шоғырландырылды. Сол кезден қалған танкілерді Зайсан ауданы аумағынан әлі күнге дейін кездестіруге болады. Мына бір оқиға есімде, 1974 жылы наурыз айында Кеңес Одағының бір әскери ұшағы адасып,

сұрап алып қап, арбаға басып әкелгені есімде. 1969 жылы Даман, Жалаңашкөл оқиғаларымен қатар Қытайда шағын ұлттар арасында Шығыс Түркістан төңкерістік халықтық партиясы құрылып, оның белсенді мүшелері ұсталып, Қызырбек Оралов деген ақын бастаған көптеген адамдар атылды. Жәркен Бөдеш, Әлімғазы Дәулетқан, Айтан Нұсіпхан секілді зиялы адамдардың Қытай асып қашып келуі іркестірес оқиғалар. Бұлар бір-бірімен бай-



Қытай шекарасы аумағындағы Қаба ауданының жеріне қонды. Соны шекарадағы қазақтың бір малшысы ұстап алып, қайыс арқанмен шалма тастап, әріне символды түрде болса керек, терекке байлап қойыпты. Қытай билігі оны отаншыл деп мақтап, Пекинге дейін апарыпты. Суретін шығарып, мектептерге таратты. «Ұшақ ұстаған қазақ» деп бәріміз бұған таңғалғанбыз. Кейін ол ұшқышты Пекин арқылы қайтарды деп естідім» дейді тарихшы.

1967 жылы Қытайдың Алтай аймағында өмірге келіп, 1997 жылы атамекенге оралған қазақ жазушысы Жәди Шәкенұлының пайымынша, Жалаңашкөл оқиғасын Шығыс Түркістанмен байланыстыра қарау керек. Себебі, бұл жерде КСРО басқыншы релін атқарған. «Біз айтып жүргендей, Жалаңашкөл екі ел арасындағы тосыннан болған оқиға емес. Саяси астары бар, әлі толық әшкереленбеген оқиға. Қытай шабуылдады деген желеуді тудырған да, шабуылды жасаған да – КСРО. КСРО Шыңжаңды Қытайдан бөліп алу әрекетін әуелі 1969 жылы Жалаңашкөлде бастаған. Сөтсіз аяқталған соң 1979 жылы қайта бастаған. Бұған дәлел, сол жылдары КСРО Шыңжаңмен көршілес аймақтарға әскерлерін апарды. Моңғолия жақтан, Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Майқалпағай өткелі арқылы Қытайға кірмекші болған секілді. Мұны кейін Зайсанға келгенде сондағы туған-туыстардан естідім. «Сендер 78-79 жылдары бізге шабуылдамақшы болдыңдар ма? Не болды өзі?» деп сұраймын ғой. «Сол кездері шекараға жақын ауылдарға түнде ешкім далаға шықпасты деген бұйрық берілді. Үлкен трассамен ауыр-ауыр зеңбіректер, танкілер дүңкілдетіп өтіп жатты. Шекарада әскер қаптады. Шекара маңы жерасты жолы екен. Жер астын қазып, тұмсығын шығарып, зеңбіректерді Қытайға қаратып құрды» деген еді туыстар. Қытайға қарата құрылған зеңбіректерді кейін Зайсанға барғанда өзім де көрдім. Ал біз Шыңжаңда тұрғанда шекарадағы осындай жағдайларды естіген қытай қарттары: «Қазақтар сендерге тиіспейді, келсе, бізді өлтіреді» деп ішкі Қытайға қарай қашты. Әкем, көшкендердің жиһаздарын, мүліктерін

ланысты», – дейді жазушы.

Жергілікті тарихшы, Семейдегі Шәкерім атындағы университеттің профессоры Мұхтарбек Кәрімов Жалаңашкөл оқиғасы қарсаңында Шығыс Қазақстанның шекаралық аймақтарында жағдай өте күрделі болғанын, елдің алаңдаулы күй кешкенін жасырмайды. «Ол кезде Ақсуат ауданы Қызылкесік ауылындағы Киров атындағы (қазіргі Би Боранбай) мектептің 9-сынып оқушысы едім. 1969 жылдың сәуір әлде мамыр айы, әйтеуір, қар кетіп, күн жылынған кез. Шекараға қарай әскерлер өте бастады. Кейін жылдам ұшатын әскери ұшақтар өтетін болды. Мамыр айының 10-ынан ары қарай Ақсуаттың шекараға жақын ауылдарына әскери посттар қойылды. Сөйтсек, шекарада үлкен жаттығу жасалмақ, бұл соған дайындық екен. Бір күні жеркөкті әскер басып кетті. «Танкілер мен үлкен техникалардың шынжыр табанынан тастар үгітіліп, біршама жолдар тегістеліп қалды» деуші еді қариялар. Сол кезде Мәскеуде парадта ғана көрсететін ракеталардың шынжыр табанды көліктерге тиіліп, үсті жабылған қалпы өтіп жатқанын көрдік. Әскерлер негізінен қазақ жігіттері болды. Кейін естідім, сол уақытта қақтығыс болған жағдайда негізгі күш келгенше алғашқы уақытта ұстап тұратын күш ретінде Аягөз, Шұбартау, тағы басқа аудандардың әскерде болған азаматтарын мобилизациялап, уақытша шекараға шақырған екен. Меніңше, бұл КСРО-ның Қытайға көрсеткен сесі болса керек», – дейді тарихшы.

### ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ӘСКЕРИ ЗАСТАВА

Жоғарыда сөздерін келтірген Қытайдан атамекеніне оралған үш азамат та телефон арқылы әңгімелескенде «Жалаңашкөл оқиғасы кезінде КСРО отты қару қолданып, қытай әскерлерін жағып жіберген» деген сөзді талай жерде естігендерін айтты. Дүкен Мәсімхан мұны Қазақстанға келген соң тарихшылар аузынан естігенін, Жәди Шәкенұлы Шымкент жақта жарық көретін бір газеттегі жауынгердің естелігінен